

Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Бисенбаева Меруерт Кенжеғұлқызының «Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде)» тақырыбында жазылған диссертациясына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы

«Болашақта бағдар - рухани жаңғыру», «Ұлы Дағындық жеті қыры» бағдарламалары негізінде қазіргі Қазақ елінің мәдени өмірінде рухани өрлеу кезеңі басталды. Диссертациялық зерттеудің тақырып аясы еліміздегі мемлекеттік рухани бағдарламаларға негізделгені және қазіргі әлемдік деңгейдегі ғылыми бағыт-бағдарды назарға ала отырып, мәдени код негізі саналатын тілдік бірліктердегі танымдық-қатысымдық қызметті жүйелі түрде зерттеуге арналғаны – диссертацияның басты өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы бар екенін айқындайды.

Бисенбаева Меруерттің «Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде)» атты диссертациясы тақырыбының басты өзектілігі ретінде этномәдени лексиканың ұлттық құндылық ретінде танылғаны деп бағаладық. Мұның мәнісі, тіл – ұлттық рухани құндылықтарды сақтаушы басты негіз екенін ескерсек, этномәдени лексикада оның маңызды ақпараттық-танымдық бөлігі сақталатыны, әрі аймақтық лексика – ұлттың рухани-мәдени байлығын сақтаушы, өзін-өзі тану жолындағы көнекөз күесіндей екені даусыз.

Диссертациялық жұмыста «құндылық» ұғымына ерекше мән беріледі де, ол антропоөзектіліктің басты факторларының бірі ретінде танылышып, тіл мен ойлаудың «халық рухымен байланыстырылғы» делінетін В. фон Гумбольдт қысынымен сәйкестендіріліп, болмысты танудың, болмыстың ішкі мазмұнын бағалаудың мүмкіндігі ретінде зерттеледі. Тілдегі этномәдени лексиканың рухани құндылық әлемін зерделеуде маңызды дереккөз болатындығы ғылыми түрғыдан сенімді әрі өзекті деп танимыз.

Этномәдениеттің аксиологиялық негізінің анықталуы, құндылықтардың шынайы өмірді жүйелеуші, байышты бағалаудың негізі ретінде танылуы, адамның өткені мен бүгініне деген көзқарасын салмақтап, саралау үшін – құндылықты сезінудің маңыздылығының танымдық, лингвомәдени бағытта талдануы да тақырыптың өзектілігін анықтай түседі.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен корытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Диссертациялық зерттеудің басты нысаны ретінде алынған аймақтық лексикадағы этномәдени бірліктер этнос болмысын танытудың бір құралы ретінде қарастырылып, олардың сөйленістер жүйесіндегі тарихи-танымдық

құрылымы, құндылықтар жүйесіндегі орны мен маңызы талданып, ғылыми тұжырымдар жасалған.

Қазақ тіл білімінде ізденушінің өзі көрсетіп отыргандай, Ш. Сарыбаев, Е. Жампейісов, Ф. Қалиев, О. Нақысбеков, Ә. Нұрмагамбетов сындығалымдар аймақтық лексика туралы ғылыми пікір айтып, оның фонетикалық, грамматикалық сипатын құрылымдық бағытта зерттеген болатын. Ізденуші Меруерт Бисенбаева аймақтық лексиканы – этномәдени мазмұнды бірліктер деп тани отырып, оның дүниетанымдық мазмұнын анықтайды да, бұл мазмұнды - ұлттық мәдени компоненті бар тілдік және қатысымдық бірлік ретінде қарастырады. Демек, диссертациялық жұмыстың негізгі аспекті – аймақтық лексиканың табиғатын лингвомәдени, танымдық, аксиологиялық тұрғыдан зерделеуге бағдарланған. Мұның өзі зерттеу нәтижелерінің шынайылығын танытады.

Ізденуші пайымдаудында, лингвокультуремалар – халық мәдениетінің тілде сакталған көрінісі. Осы нәтиже мен тұжырымды нақты деректермен талдауда, автор қазақ дүниетанымындағы жылқы мен түйе атауларының мағыналық құрылымы мен олардың қазақ тіршілігіндегі маңызды рөліне ерекше назар аудара отырып, ұғым мен атау арасындағы байланыска ерекше мән береді. Мәселен, «казанат» сөзінің Талдыкорғаның Панфилов ауданында «сырт пішіні әдемі, қеудесі кең, шоқтығы биік, сирақты, денесі жеңіл жылқы тұқымы» дегенді білдіреді. Ал Жамбыл облысы Қордай ауданында қазанат «дастарханы кең акпейіл адам» мағынасында жұмсалады [ҚТАС,2005,367-б.]. **Қазан** және **ат** сөздерінің бірігуінен жасалған атаудың жалпыхалықтық тіл мен сойленістер жүйесінде, оның бірнеше аймағында, қолданылуына қарап, бірінші номинация болмаса да, ежелгі атау екенін аңғаруға болады. **Қазанат** атауының жалпыхалықтық тілдегі мағынасы мен сойленістік мағыналарының бір-бірінен аса үлкен айырмашылығы жок. Жылқы бейнесі де, ер азamat бейнесі де мықтылық пен дархандық, кеңдік көрінісін танытады.» - деп жазады. Ізденуші әлемдік тіл біліміндегі ғылыми пікірлерге сүйене отырып, «Адамның осы танымдық әрекеті ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түсініп, жинақтаған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады. Адам қашан да әлемді танып, ондағы өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлеушілердің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі», - деген ой қорытындысын жасайды.

Ізденуші тіліміздегі аймақтық сөздерді, алдымен, атальым қызметін атқаратын лексикалық бірлік ретінде тани отырып, оны таным нәтижесі, мәдениет жемісі деп таниды. «Мәдениет тілде таңбаланады, сондықтан да тіл – мәдениет көрінісі, мәдениетті таныту құралы болып табылады» - деген тұжырым жасай келе, сол мәдениеттің таңбалық сипаты болып саналатын аймақтық сөздердің логикалық даму желісін танытып, олардың лингвомәдени астарын ашады.

Халықтық түсініктің қарапайым сипатын ашу мақсатында автор «қазан» ұғымының ерекшелігі мен мәдени болмысына ғылыми-танымдық талдау жасау арқылы өзінің теориялық тұжырымын бекіте түседі.

«Қазанды» қазақ киелі ыдыс санайды, «Қара қазан, сары баланың қамы» – қазақ дүниетанымының өзек мәніне айналған. Қазан-ошақ отбасы, үй-жай мағынасын білдіреді. Ошағына от жақпаған, мұржасынан тұтін шықпаған үй – үй емес. «Қара қазан» «қара шаңырақ» – әулет иесіне тән. Қазақ қазанда құт болады деп есептейді, оны біреуге бермейді. Қазанынан айырылса, құт кетеді, аштық болады, алдынан ас кетеді деп сақтанады. Көшкенде қазанқапка салып, арбамен алып жүреді. Қазан біздін дәуірімізден бұрын 3-5 ғасырларды пайдаланылған деген дерек бар деп есептеледі. Қазан – қазақ этносы үшін қасиетті мұлік, өте байырғы ыдыс, сондықтан оның этномәдени мазмұны терең» (30-бет), дей келе, «Қазан» атауының мазмұнына жинақталған ақпарат – этнотанымдық - сезімдік - этномәдени ақпарат болып табылады да, осы жүйедегі атаулар **этномәдени лексиканы** құрайды. Ал жалпы мәдениет, этномәдениет, адамсыз, адамның еңбегінсіз жасалмайды. Мәдениет – адамның саналы іс-әрекетінің жемісі, ал тіл сол нәтижені адам ақыл-ойының даму үдерісінде көрсетіп, танытып отырады, - деген дұрыс корытынды жасайды.

Диссертант аймақтық этномәдени лексиканы ұлттық лексиканың құрамды бөлігі ретінде бағалай отырып, оның тарихи-танымдық қабаттарын зерттейді. Сөйленістер жүйесіндегі этномәдени лексиканың негізін саралап, оның қалыптасу кезеңдеріне ғылыми алдау жасайды. Аймақтық этномәдени лексиканың жалпы түркілік қабатына, төл (туынды) қабатына, кірме бөліктері мен этномәдени лексиканың бейнелі қабатына жеке ғылыми талдау жасалады. Аймақтық сөздердің жасалу ерекшелігіне талдау жасап, сөзжасамдық сипатына терең үңіледі. Автор «Күрделі атаулар сыңарларының арасындағы ішкі мағыналық байланыс та, олардың жеке мағыналарының сақталып немесе көмекіленіп ауыспалы мәнге ие болуы атальным жасаудың уәжділік заңдылығына жатады. Осы заңдылықтар арқылы уәжділік белгісіне қарай, жаңа лексикалық атальнымдар қалыптасады» - деген ғылыми тұжырым жасай отырып, атаулардың күрделі мағыналық құрылымы мен уәжделуі арасындағы сабактастықты терең ашады. Лингвистикада күрделі атаулардың белгісі дегенде, олардың екі не одан көп сөзден құралып, солардың мағыналық қосындысы ретінде тұтас бір бүтін болып жымдастып, бір ғана ұғым атауы ретінде қалыптасуын негіз етеді. Сыңарлары өзінің бастапқы мағынасынан да, қызметінен де алшақтаң тұтастықтың бөлінбес бөлшегіне айналады, - деп өзіндік ғылыми түйін жасайды. Автор жан-жануарға қатысты күрделі атаулар, өсімдік, бау-бақшага байланысты күрделі атаулар, тағам атаулары, ыдыс-аяқ, құрал жабдық атаулар, киім-кешек атаулары, сын-сапа ұғымдарына байланысты күрделі атаулар, табиғат құбылыстарындағы күрделі атаулары, үй-жай, кора-копсы атаулары деп семантикалық топтарға бөліп алып, олардың құрылымдық және лингвомәдени ерекшеліктерін талдайды.

Ізденуші «әр этнос өзін қоршаған әлемді өзінше көріп, өзінің ұлттық дүниетаным деңгейі дәрежесінде танып бағалайды. Ұлттық мәдениеттің өзегін – ұлттық дүниетаным құрайды. Аймақтық лексикада да кірме қабат бар, болуы заңды да, өйткені ешбір халық жеке дара оқшau өмір сүре

алмайды. Жергілікті ерекшелік ретінде танылатын элементтер – түркілік текстілдің субстраты, кірме ретінде танылатын элементтер – көне дәүірлерден басталатын қарым-қатынастардыңrudimentі» деп тұжырым жасай отырып, оның нақты дәлелдерін тілдік бірліктер арқылы анықтап көрсетеді.

Диссертациялық жұмыста 5 негізгі ғылыми тұжырым берілген, бұл тұжырымдардың ғылыми негізделуі мен шынайылығы жоғары.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Қазіргі кездегі әлемдік тіл ғылымының басты теориялық тұғыры тілдің танымдық қызметіне айрықша мән беру екенін ескерсек, диссертанттың аймақтық сөзді лингвомәдени бірліктер қатарынан көріп, оны танымдық аспектіде зерттеу нәтижесінде жасаған ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі жоғары деп бағаланады. Ізденуші тілдің танымдық қызметі арқылы қалыптасқан тілдік-таңбаны дайын сөз – атауыш ретінде зерттеу нысанына айналдырады. «Тілді егжей-тегжейлі зерттеу арқылы адамзат өзін-өзі танып, ғаламды сезініп түйсінеді. Адам алған әсерін өзі арқылы сипаттайды. Тілдік элементтердің мағыналық жағы – тілді ойлаумен ұштастыратын дәнекер. Осы мағыналық желінің бір басында – тіл, екіншісінде – ойлау тұрады. Адамның танымы ойлау әрекеті арқылы қалыптасады, сол себепті ақиқат болмыстың ойдағы көрінісі таным деп аталады» - дей келіп (57-бет), автор «Аймақтық ерекшелік – қазақтың дәстүрлі мәдениетінің аймақтық көріністері мен этномәдени бояулы мазмұнын сактаған: кісенан, казанжаппа, шатпа т.б. атаулар мен ұлттық құндылықтарды құрайтын қазан, казанат т.б. тәрізді аталаудар семантикасының дамуынан да көрінеді» деп тұжырым жасайды (58-бет).

Диссидент жазған ғылыми нәтижеде: «Аймақтық лексика – ұлттық тіл байлығының мол да жүйелі бөлігі, сондықтан аймақтық мәдениеттің жалпы қазақ қауымы үшін жаттығы, өзгешелігі болмайды. Аймақтық лексиканы қалыптастыруши тіл иесі – біреу, аймақтық сөз қатысым қажеттілігі үшін пайда болған. Тілдік қатынасты жүзеге асыруши тетік ретінде сөйлеу актісінде адресант пен адресат арасындағы тілдік жағдаятқа сай қызмет атқарады. Ал аймақтық лексикадағы этномәдени бірліктер осы үлкен арнаға құяр бұлақ, **аймақтық сөз** – қазақтың дәстүрлі мәдениетінің аймақтық көріністерін бойына жинақтаған, оны айрықша мәнер бояумен таныта алатын этномәдени мазмұнды бірлік» - деуінің жаңалық дәрежесі бар (108-109 - беттер). Автордың бұл тұжырымымен де толықтай келісуге болады.

Автор өзі зерттеу нысаны ретінде алып отырған аймақтық сөздерді жеке таңба ретінде бағалай отырып, олардың сигнификаттық қызметі мен мағыналық ерекшеліктерін байланыстыра зерттейді. Сөйтіп, *ақ бұрку, қымызмұрындық, сірге жияр сияқты атаулардың танымдық ерекшеліктерін* жіктей зерделеу арқылы, жылқы малын қадірлейтін халықтың әр аймактағы ерекше танымдық сипаттың аңғартады. Атаулардың жергілікті жерлердегі мағыналық құрылымын ашу арқылы олардың лингвомәдени және танымдық қыры мен сырын таныта отырып, мұны рухани әрекеттердің жіктелуі деп бағалайды. «Әр мәдениет өзіне тән құндылықтар жүйесінен тұрады.

Құндылық – адами мәдениет көрсеткіші, мәдениеттің адам болмысындағы әртүрлі формаларына қөзқарасын танытушы. Құндылық – адамның өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, өткеннің өнегелі тұжырымдарына, отбасы, қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа, адам өмірінің мән-мағынасына деген бағалау мәнді қатынас-көзқарас деп пайымдауга болады» - деген ғылыми қорытынды жасайды (157-бет).

Ізденуші Бисенбаева Меруерттің тұжырымдаган әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық нәтижесі жоғары деп бағалауға толық негіз бар.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Ізденушінің диссертацияда алған ғылыми нәтижелері қазіргі кездегі қазақ тілі біліміндегі өзекті мәселеге арналған. Қазіргі қазақ тіл білімінде аймақтық сөздерді лингвомәдени, танымдық және аксиологиялық бағытта зерттеудің өзектілігі бар, бұл - жаңа ғылыми бағыт.

Диссертациялық зерттеу теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталған. Жұмыстың теориялық жағынан басымдылығы, ең алдымен, зерттеу нысанын жаңа аспектіден зерттеуімен тікелей байланысты. Этностиң өзіндік ерекшелігінің дәлелі саналатын аймақтық сөздер материалдық, рухани мәдениеттің көрінісі ретінде талданып, бойына ұлттық код элементтерін сақтаған тілдік құндылық ретінде бағаланған. Бұл ғылыми бағалау жұмыстың өн бойында сакталып отырғандықтан, жұмыстың ғылыми – теориялық ерекшелігі ретінде көрініс береді. «Құндылық» ұғымы аймақтық сөздер аясында жақсы зерделеніп, оның мәдени-танымдық ерекшеліктері терең қарастырылған. Құндылықты – мәдениеттің маңызды бір бөлігі ретінде қарастыра отырып, аймақтық сөздердің ұғыммен, уәжібен байланысы арқылы танымдық ерекшеліктерін саралай түсіндіріп, олардың мәдени және рухани құндылық болатынына ғылыми тұрғыдан көз жеткізеді, және оқушысын сендіреді.

Сонымен қатар, этностиң материалдық, рухани мәдениетімен байланыстыруды мақсат еткен зерттеу тұжырымдары қазақ тіл білімінде антропоөзекті бағыттағы этнолингвистика, лингвомәдениеттану, аксиологиялық лингвистика салаларына белгілі дәрежеде үлес қоса алады.

Ғылыми зерттеудің нәтижелері жоғары оку орындарының филология факультеттерінде жалпы тіл теориясы, диалектология, семасиология, лексикология салаларына қатысты пәндер мен тіл және мәдениет арақатынасы, тіл тарихы, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, аксиологиялық лингвистика мәселелерін оқытуда теориялық материал ретінде пайдаланыла алады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 15 мақала жарық көрген. Бұл ғылыми мақалаларда диссертациялық зерттеудің басты тұжырымдары, ғылыми нәтижелері мен қорытындылары көрініс тапқан.

Атап айтканда, Scopus базасына енетін басылымда – 1 (Journal titled Орсion, Vol.15,2018, ISSN1012-1587;

- отандық халықаралық конференцияда – 5 («Профессор Ә.Құрышжанұлы және түркі дүниесі: Тіл. Тарих. Руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, Алматы, 2015 жыл, 290-291-бб.; «А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: зерттеу, жүйелеу, насихаттау» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, «Елтаным» баспасы, 2017, 339-343-бб.; «Жұбанов тағылымы» дәстүрлі IX халықаралық ғылыми конференция материалдары, 30 қараша, 2017.-Ақтөбе: «Жұбанов университеті», 2017, 118-121-бб.; «Алаш зиялыштарының ғылыми-әдістемелік мұралары: дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 28 ақпан 2018 жыл. «Қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және кәсіби тілді менгертудің ұтымды тәжірибелері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 20 сәуір, 2018.-104-108-бб.(қосалқы автор);

- шетелдік халықаралық конференцияда – 3 (Ataturk universiteti edebiyat fakultesi Rus dili ve edebiyati bolumi Uluslarasi ipek yoli kultur diyalogu 5-6 mays 2016,104-106-бб.; «I-ші Евразиялық Тіл білімі және Гуманитарлық ғылымдар конференциясы», 2017 жыл 22-24 мамыр, Сиде/Анталия қаласы, 340-347-бб.; «I-ші Евразиялық Тіл білімі және Гуманитарлық ғылымдар конференциясы», 2017 жыл 22-24 мамыр, Сиде/Анталия қаласы,172-180-бб.);

- ҚР БФМ білім беру және ғылым саласы бақылау және аттестация Комитеті бекіткен тізіміне енетін басылымдарда – 4 (Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы, Филология сериясы №3/2016 жыл, 26-31-бб.; Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы №2 (56), 2016жыл, 38-42-бб.; «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журнал, Филология сериясы, №6(42) 2016жыл, 91-93-бб.; «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журнал, Филология сериясы, №4 (48), 2017жыл, 277-280-бб.);

- Импакт фактор Ринц –1 (Международный журнал экспериментального образования//Материалы международных научных конференций «Современное образование: проблемы и решения» Modern education. Problems and solutions 18-25 декабря, 2016 г. Италии (Рим-Венеция) 464-466-бб.);

- Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар – 1 («Жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін білім беру бағдарламаларын жаңартылған мазмұн негізінде ұйымдастыру» республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары, 4-8 сәуір, 2016 жыл, 41-44-бб.).

6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер

1. Диссертациялық зерттеудің екінші тарауында ішінше күрілымдық тіл білімінде бұрыннан талданып жүрген формальдық-лингвистикалық талдаулар кездеседі. Аймақтық этномәдени лексика қабаттарының

талдануында жалпытүркілік дүниетанымға қатысты ғылыми талдаулар берілгені жөн болар еді.

2. Диссертациялық зерттеу жұмысында өзге түркі тілдерінің, әсіресе, түрік тіліндегі аймақтық сөзге қатысты зерттеулерді қосқанда, жұмыстың ғылыми-теориялық жағы бұдан да терендей түсер еді.

Бұл аталған ескертулер жұмыстың жалпы теориялық тұғырына, өзектілігі мен қорытындысының шынайылығына көленке түсірмейді.

7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

«Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Бисенбаева Меруерт Кенжеғұлқызының «Этномәдени лексиканың танымдық-қатысының қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде)» тақырыбында жазылған диссертациясы ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына толық сәйкес келеді.

Сондықтан оның авторы Бисенбаева Меруерт Кенжеғұлқызына «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Пікір жазған:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

А.Б. Салқынбай

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰ ғылыми кадрлар
даярлау және аттесттаттау басқармасының бас
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова

